

**Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 817 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 тамызда № 33223 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабының 27-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары, осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі

**Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 26-бабының 27-тармағына сәйкес әзірленді және цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік;

3) цифрлық активтер биржасы – цифрлық активтердің сауда-саттығын, шығарылуын, айналысын және сақталуын ұйымдастырушылық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын цифрлық платформа;

4) "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушылары – "Астана" халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) қатысушылары қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар, сондай-ақ АХҚО аккредиттелген өзге де заңды тұлғалар;

**2-тарау. Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушыларының мәліметтерді ұсыну тәртібі**

3. Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ АХҚО өзге де қатысушылары, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 күнінен кешіктірмей уәкілетті органға өткізілген цифрлық активтер және резиденттер мен бейрезиденттерге цифрлық активтермен байланысты әрекет үшін төленген сыйақылар туралы мәліметтерді осы Қағидалардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жолдайды.

4. Осы қағидалардың 3-тармағымен қарастырылған мәліметтер уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта (Microsoft Excel форматында) басшысы немесе оның міндетін атқарушының адамның қолы қойылған ілеспе хатпен ұсынылады. Басшының міндетін атқарушы адаммен қол қойылған құжатпен жолданатын мәліметтерге міндеттерді жүктеу туралы бұйрықтың (өкімнің) көшірмесі қоса беріледі.

5. Уәкілетті орган алынған мәліметтерді салық әкімшілендіру барысында қолданады

Цифрлық активтер биржалары,  
сондай-ақ "Астана" халықаралық  
қаржы орталығының өзге де  
қатысушылары  
Қазақстан Республикасының  
резиденттері цифрлық активтер  
биржаларында жүргізген  
операциялар және цифрлық  
активтерге байланысты қызметті  
жүзеге асырудан резиденттер  
мен  
бейрезиденттерге төленген  
сыйақылар туралы мәліметтерді  
ұсыну қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

20\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ кезеңіне Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар туралы мәліметтер

| № | Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған жағдайда) | Өткізілетін цифрлық активтің түрі |
|---|--|---|-----------------------------------|
| 1 | 2  | 3   | 4                                 |

Кестенің жалғасы

| Цифрлық активтер биржасында өткізілетін цифрлық активтің құны | Цифрлық активтер биржасында өткізілетін цифрлық активтің саны | Мәміле түрі (сатып алу/ сату) | Мәміле жасалған күн |
|---|---|-------------------------------|---------------------|
| 5   | 6   | 7                             | 8                   |

Басшының немесе оның міндетін  
атқаратын адамның тегі, аты,

ҚОЛЫ

әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Нысанға  
қосымша

**Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар туралы мәліметтерді ұсыну нысанына түсіндірме**

- 1-бағанада жолдың реттік саны көрсетіледі;
- 2-бағанада цифрлық активтер биржасының клиентінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 3-бағанада клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;
- 4-бағанада өткізілетін цифрлық активтің түрі көрсетіледі;
- 5-бағанада цифрлық активтер биржасында өткізілетін цифрлық активтің құны көрсетіледі;
- 6-бағанада цифрлық активтер биржасында өткізілетін цифрлық активтің саны көрсетіледі;
- 7-бағанада мәміле түрі (сату/сатып алу);
- 8-бағанада мәміле жасалған күн көрсетіледі.

Цифрлық активтер биржалары, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының өзге де қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттері цифрлық активтер биржаларында жүргізген операциялар және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларына 2-қосымша Нысан

**20\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ кезеңіне цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтер**

| № | Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) | Резиденттік |
|---|--|--|-------------|
| 1 | 2  | 3  | 4           |

**Кестенің жалғасы**

| Алынған сыйақы түрі | Алынған сыйақының құны | Алынған сыйақының саны | Сыйақыны алған күні |
|---------------------|------------------------|------------------------|---------------------|
| 7                   | 8                      | 9                      | 10                  |

---

Басшының немесе оның міндетін  
атқаратын адамның тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болған жағдайда)

---

ҚОЛЫ

Нысанға  
қосымша

**Цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асырудан резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді ұсыну нысанына түсіндірме**

- 1-бағанада жолдың реттік саны көрсетіледі;
- 2-бағанада цифрлық активтер биржасының клиентінің жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 3-бағанада клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;
- 4-бағанада резиденттік көрсетіледі;
- 5-бағанада алынған сыйақы түрі көрсетіледі;
- 6-бағанада алынған сыйақының құны көрсетіледі;
- 7-бағанада алынған сыйақының саны көрсетіледі;
- 8-бағанада сыйақыны алған күні көрсетіледі.